



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ  
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ  
ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

# «ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ-НЫҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



## «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ-ның 2021 жылғы қызметі туралы есеп

---

## **Мазмұны**

|                                                                                               |    |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| Қоғам құрылымы туралы                                                                         | 3  |
| «Өрлеу» Жарғысына өзгерістер енгізу                                                           | 3  |
| Педагогтердің және білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру                      | 3  |
| 221 бюджеттік бағдарламасы                                                                    | 4  |
| 222 бюджеттік бағдарламасы                                                                    | 5  |
| 223 бюджеттік бағдарламасы                                                                    | 6  |
| «Педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін дамыту» тегін онлайн курсы                           | 8  |
| Біліктілікті арттыру курстарын әдістемелік сүйемелдеу                                         | 8  |
| Курсаралық жұмыс                                                                              | 9  |
| Біліктілікті арттыру жүйесіндегі үздік инновациялық тәжірибені зерделеу, жалпылау және тарату | 10 |
| Әдістемелік басылымдарды шығару                                                               | 11 |
| Біліктілікті арттыру курстарының тиімділігіне мониторинг жүргізу                              | 12 |
| Мектепке дейінгі білім беру                                                                   | 12 |
| Бастауыш және орта білім беру                                                                 | 19 |
| Техникалық және кәсіптік білім беру                                                           | 25 |
| Ғылыми-зерттеу жұмысы                                                                         | 30 |
| Халықаралық жобалар                                                                           | 33 |
| Баспа қызметі                                                                                 | 38 |
| Филиалдар қызметкерлерінің БАҚ-тағы жариялымдары                                              | 38 |
| Филиалдардың қызметін БАҚ-та жариялау                                                         | 39 |
| Қорытындылар                                                                                  | 40 |

## **Қоғам құрылымы туралы**

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы (бұдан әрі – «Өрлеу») облыстардың және республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының 17 филиалын (бұдан әрі – Филиал) қамтиды.

«Өрлеу» штат саны 1 313 бірлікті құрайды, нақты саны – 995 адам, оның ішінде 76,8%-ы әйелдер. Қызметкерлердің орташа жасы 46 жасты құрайды, оның ішінде 30 жасқа дейін – 6%, 50 жастан асқан – 41%, зейнеткерлік жаста – 4%.

Ғылыми және академиялық дәрежесі бар қызметкерлердің жалпы саны – 41%. «Өрлеу» БАҰО 286 ПОҚ-ның 10%-ы ғылым кандидаты, PhD докторы ғылыми дәрежесіне, ал педагогика магистрі академиялық дәрежесіне 50% ие.

## **«Өрлеу» Жарғысына өзгерістер енгізу**

ҚР БҒМ 2021 жылғы 20 тамыздағы №417 бұйрығына сәйкес («Азаматтарға арналған үкімет» КеАҚ-да 01.09.2021ж. мемлекеттік тіркеу) «Өрлеу» жарғысына келесі қызмет түрлерінің орналасқан жерін өзгерту және кеңейту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

1) мектепке дейінгі білім беру, бастауыш білім беру, орта білім беру, негізгі және жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және қосымша білім беру салаларындағы педагогтердің біліктілігін арттыру және оларды үздіксіз кәсіптік дамыту;

2) ересектерді оқытудың барлық деңгейлерінде және барлық нысандарында біліктілігін арттыру және оқыту;

3) қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласында қолданбалы зерттеулер жүргізу;

4) қызметтің негізгі нысанасын жүзеге асыру шеңберінде кітаптар, газеттер, журналдар және өзге де мерзімді басылымдар шығару және баспа қызметінің өзге де түрлері;

5) қызметтің негізгі мәнін жүзеге асыру шеңберінде конференциялар, конкурстар және көрмелер ұйымдастыру;

6) Қоғамның жылжымайтын мүлкін қызметтің негізгі нысанасын жүзеге асыру шеңберінде ұйымдарға мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру».

## **Педагогтердің және білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру**

Білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтерінің біліктілігін арттыру «Өрлеу» филиалдарындағы қысқа мерзімді курстарда 221, 222 бюджеттік бағдарламалар бойынша мемлекеттік сатып алуға және 159-ерекшелік бойынша мемлекеттік сатып алу

шарттарына сәйкес көрсетілетін қызметтерге сәйкес жүзеге асырылады. 2021 жылы білім беру ұйымдарының **36 522** педагогі мен басшысы, оның ішінде мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының **30 954** педагогі қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстарында, орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде – жалпы білім беру пәндерінің **5 568** оқытушысы үшін біліктілікті арттыру курстары өткізілді. Ауылдық өңірлерден қысқа мерзімді курстарда біліктілікті арттырудан **14 916** педагог (61,3%) өтті, мемлекеттік тілде **16 363** педагог (67,2%) оқытылды.

### **221 бюджеттік бағдарламасы**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің педагогтері үшін 221 бюджеттік бағдарлама шеңберінде біліктілікті арттыру курстарынан **6 626** адам өтті, оның ішінде:

- мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының басшылары (меңгерушілері), әдіскерлері, тәрбиешілері – **628** адам;
- мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері мен тәрбиешілері – **5 998** адам.

**1-кесте.** Қысқа мерзімді курстардағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары басшыларының (меңгерушілерінің), әдіскерлерінің, мектепалды тәрбиешілерінің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

|                      | Оқыту бағыттары                                                                                                | Курстар саны | оның ішінде өткізілді: |              |                 | Тындаушылар саны | оның ішінде оқытылды: |              |                 |       |       |
|----------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|------------------------|--------------|-----------------|------------------|-----------------------|--------------|-----------------|-------|-------|
|                      |                                                                                                                |              | қазақ тілінде          | орыс тілінде | ағылшын тілінде |                  | қазақ тілінде         | орыс тілінде | ағылшын тілінде | қала  | ауыл  |
| 72-сағаттық курстар: |                                                                                                                |              |                        |              |                 |                  |                       |              |                 |       |       |
| 1                    | мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының басшылары (меңгерушілері), әдіскерлері, тәрбиешілерін е арналған | 28           | 0                      | 8            | 0               | 628              | 48                    | 80           | 0               | 40    | 311   |
| 2                    | қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері, тәрбиешілерін е арналған          | 240          | 91                     | 9            | 0               | 5 998            | 4 779                 | 1 219        | 0               | 5 294 | 2 847 |
| Барлығы:             |                                                                                                                | 268          | 211                    | 57           | 0               | 6 626            | 5 227                 | 1 399        | 0               | 5 834 | 3 158 |

## 222 бюджеттік бағдарламасы

222 бюджеттік бағдарлама шеңберінде БА қысқа мерзімді курстарынан өткен тыңдаушылардың саны бағыттар бөлінісінде 1-кестеде көрсетілген:

**2-кесте.** Қысқа мерзімді курстарда орта білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтерінің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

|                       | Оқыту бағыттары                                                                    | Курстар саны | оның ішінде өткізілді: |              |                 | Тыңдаушылар саны | оның ішінде оқытылды: |              |                 |      |      |
|-----------------------|------------------------------------------------------------------------------------|--------------|------------------------|--------------|-----------------|------------------|-----------------------|--------------|-----------------|------|------|
|                       |                                                                                    |              | қазақ тілінде          | орыс тілінде | ағылшын тілінде |                  | қазақ тілінде         | орыс тілінде | ағылшын тілінде | қала | ауыл |
| 80-сағаттық курстары: |                                                                                    |              |                        |              |                 |                  |                       |              |                 |      |      |
| 1                     | басшылардың қашықтықтан басқару бойынша                                            | 71           | 3                      |              |                 | 780              | 580                   | 00           |                 | 39   | 041  |
|                       | басшылардың білім беруді жаңғырту жағдайындағы көшбасшылық және менеджмент бойынша | 17           | 13                     | 4            | 0               | 420              | 320                   | 100          | 0               | 212  | 208  |
| 2                     | педагогтердің инклюзивті білім беруді дамыту бойынша                               | 24           | 14                     | 10           | 0               | 600              | 350                   | 250          | 0               | 288  | 312  |
| 3                     | бастауыш сынып мұғалімдерінің                                                      | 194          | 145                    | 49           | 0               | 4080             | 3026                  | 1054         | 0               | 1509 | 2571 |
| 4                     | математика пәні мұғалімдерінің                                                     | 54           | 44                     | 10           | 0               | 1200             | 973                   | 227          | 0               | 465  | 735  |
| 5                     | химия пәні мұғалімдерінің                                                          | 25           | 20                     | 5            | 0               | 550              | 445                   | 105          | 0               | 193  | 357  |
| 6                     | биология пәні мұғалімдерінің                                                       | 40           | 30                     | 10           | 0               | 850              | 648                   | 202          | 0               | 318  | 532  |
| 7                     | география пәні мұғалімдерінің                                                      | 37           | 31                     | 6            | 0               | 800              | 667                   | 133          | 0               | 284  | 516  |
| 8                     | физика пәні мұғалімдерінің                                                         | 34           | 29                     | 5            | 0               | 725              | 610                   | 115          | 0               | 275  | 450  |
| 9                     | информатика пәні мұғалімдерінің                                                    | 34           | 29                     | 5            | 0               | 750              | 635                   | 115          | 0               | 290  | 460  |
| 10                    | тарих және құқық пәні мұғалімдерінің                                               | 70           | 56                     | 14           | 0               | 1525             | 1225                  | 300          | 0               | 571  | 954  |
| 11                    | қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәні мұғалімдерінің                                 | 142          | 142                    | 0            | 0               | 2972             | 2972                  | 0            | 0               | 1173 | 1799 |
| 12                    | орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің                                         | 87           | 0                      | 87           | 0               | 1900             | 0                     | 1900         | 0               | 764  | 1136 |
| 13                    | ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің                                                   | 91           | 0                      | 6            | 85              | 2000             | 0                     | 75           | 1925            | 832  | 1168 |
| 14                    | БӨТД оқытушы-ұйымдастырушыларының                                                  | 15           | 8                      | 7            | 0               | 325              | 175                   | 150          | 0               | 112  | 213  |
| 15                    | көркем еңбек пәні мұғалімдерінің                                                   | 12           | 9                      | 3            | 0               | 250              | 190                   | 60           | 0               | 87   | 163  |
| 16                    | музыка пәні мұғалімдерінің                                                         | 19           | 14                     | 5            | 0               | 400              | 295                   | 105          | 0               | 148  | 252  |
| 17                    | педагогтердің ШЖМ                                                                  | 38           | 26                     | 12           | 0               | 800              | 569                   | 231          | 0               | 25   | 775  |

|                             |                                                                                                                                                                           |       |     |     |    |        |        |       |       |       |        |
|-----------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|-----|-----|----|--------|--------|-------|-------|-------|--------|
|                             | кіріктірілген пәндері бойынша                                                                                                                                             |       |     |     |    |        |        |       |       |       |        |
| 18                          | арнайы интернат ұйымдар педагогтерінің                                                                                                                                    | 24    | 16  | 8   | 0  | 500    | 330    | 170   | 0     | 348   | 152    |
| 19                          | әлеуметтік педагогтердің                                                                                                                                                  | 18    | 11  | 7   | 0  | 400    | 255    | 145   | 0     | 164   | 236    |
| 20                          | педагог-психологтардың                                                                                                                                                    | 21    | 14  | 7   | 0  | 500    | 328    | 172   | 0     | 211   | 289    |
| <b>72-сағаттық курстар:</b> |                                                                                                                                                                           |       |     |     |    |        |        |       |       |       |        |
| 1                           | «Білім беру робототехникасы және электрондық құрылғыларды жобалау» бағдарламасы бойынша информатика, математика және физика пәндері мұғалімдеріне арналған                | 26    | 20  | 6   | 0  | 597    | 466    | 131   | 0     | 238   | 359    |
| 2                           | «Робототехника, заттар интернетінің негіздері (IoT), 3D модельдеу және басып шығару» бағдарламасы бойынша орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған | 20    | 15  | 5   | 0  | 404    | 304    | 100   | 0     | 166   | 238    |
| <b>БАРЛЫҒЫ:</b>             |                                                                                                                                                                           | 1 113 | 749 | 279 | 85 | 24 328 | 16 363 | 6 040 | 1 925 | 9 412 | 14 916 |

### **223 бюджеттік бағдарламасы**

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберіндегі курстарда "Өрлеуде" 223 "Мемлекеттік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау" бюджеттік бағдарламасы бойынша мемлекеттік тапсырмаға сәйкес жүргізілді.

Оқыту техникалық және кәсіптік білім беру педагогтерінің біліктілігін арттырудың онлайн курстарының білім беру бағдарламаларын пайдалану құқығына «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ 17.02.2021ж. №85 лицензиялық шарт бойынша берілген білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылды.

Біліктілікті арттыру курстары бағдарламаларының негізгі мақсаты тиісті пән бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту ахуалында мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және критериалды бағалау жүйесін енгізу болып табылады.

2021 жылы **5 568** педагогті қамти отырып, орта білім беру мазмұнын жаңартудың білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттырудың **250** онлайн-курсы өткізілді. Мемлекеттік

тілде **3 354** педагог, орыс тілінде **1 506** педагог және ағылшын тілінде **708** педагог оқытылды.

Техникалық және кәсіптік білімнің жалпы білім беру пәндерінің оқытушылары 2021 жылы орта білім мазмұнын жаңартудың **13** білім беру бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстарында оқудан өтті. Жалпы білім беру пәндерінің орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде біліктілікті арттыру курстарын өткізуге 205 жаттықтырушы қатысты.

**3-кесте.** ТЖКБ жалпы білім беретін пәндері педагогтерінің жаңартылған мазмұн бойынша біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

|                | Оқыту бағдарламасының атауы        | Курстарды өткізуге қатысқан ПОҚ саны | Курстар саны            | Тыңдаушылар саны |           |       |
|----------------|------------------------------------|--------------------------------------|-------------------------|------------------|-----------|-------|
|                |                                    |                                      | Оқытудың онлайн форматы | с.і. қала        | с.і. ауыл |       |
| 1              | «Дене шынықтыру»                   | 18                                   | 26                      | 545              | 348       | 197   |
| 2              | «Математика»                       | 16                                   | 21                      | 453              | 330       | 123   |
| 3              | «Информатика»                      | 22                                   | 25                      | 524              | 356       | 168   |
| 4              | «Химия»                            | 14                                   | 14                      | 314              | 220       | 94    |
| 5              | «Биология»                         | 12                                   | 14                      | 294              | 190       | 104   |
| 6              | «Физика»                           | 15                                   | 19                      | 403              | 263       | 140   |
| 7              | «География»                        | 9                                    | 10                      | 201              | 122       | 79    |
| 8              | «Тарих»                            | 20                                   | 27                      | 602              | 432       | 170   |
| 9              | «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» | 22                                   | 25                      | 575              | 374       | 181   |
| 10             | «Қазақ тілі және әдебиеті»         | 10                                   | 12                      | 285              | 239       | 66    |
| 11             | «Орыс тілі» және «Орыс әдебиеті»,  | 7                                    | 8                       | 190              | 169       | 46    |
| 12             | «Орыс тілі және әдебиеті»          | 18                                   | 20                      | 474              | 272       | 177   |
| 13             | «Ағылшын тілі»                     | 22                                   | 29                      | 708              | 520       | 188   |
| <b>Барлығы</b> |                                    | 205                                  | 250                     | 5 568            | 3 835     | 1 733 |

Бағалау нәтижелері бойынша **5 568** тыңдаушының ішінен сертификаттауға ұсынылғандар саны **5 380** (96,7%) педагогті құрады, сертификаттауға ұсынылмағандар – **188** педагог (3,3%), оның ішінде «сынақтан өтпеді» – 120, «келмеді» – 68 педагог.

**4-кесте.** 22.11.2021 ж. жағдай бойынша өңірлер бөлінісінде бағалау нәтижелері

| №              | Өңір                | Жоспар | жағдай бойынша оқытылды |          | Ұсынылды | Ұсынылмады |
|----------------|---------------------|--------|-------------------------|----------|----------|------------|
|                |                     |        | 12.07.21                | 22.11.21 |          |            |
| 1              | Ақмола              | 173    | 133                     | 40       | 53       | 0          |
| 2              | Ақтөбе              | 309    | 186                     | 123      | 132      | 22         |
| 3              | Алматы              | 605    | 384                     | 221      | 221      | 21         |
| 4              | Атырау              | 220    | 80                      | 140      | 126      | 29         |
| 5              | Шығыс Қазақстан     | 489    | 489                     | 0        | 36       | 11         |
| 6              | Жамбыл              | 212    | 40                      | 172      | 166      | 6          |
| 7              | Батыс Қазақстан     | 275    | 80                      | 195      | 197      | 4          |
| 8              | Қарағанды           | 541    | 348                     | 193      | 217      | 5          |
| 9              | Қостанай            | 334    | 214                     | 120      | 124      | 13         |
| 10             | Қызылорда           | 419    | 271                     | 148      | 154      | 8          |
| 11             | Маңғыстау           | 235    | 175                     | 60       | 56       | 5          |
| 12             | Павлодар            | 285    | 185                     | 100      | 101      | 11         |
| 13             | Солтүстік Қазақстан | 70     | 70                      | 0        | 7        | 0          |
| 14             | Түркістан облысы    | 540    | 307                     | 233      | 254      | 36         |
| 15             | қ. Алматы           | 656    | 272                     | 384      | 384      | 14         |
| 16             | қ. Нұр-Сұлтан       | 80     | 80                      | 0        | 2        | 1          |
| 17             | қ. Шымкент          | 125    | 40                      | 85       | 85       | 2          |
| <b>Барлығы</b> |                     | 5 568  | 3 354                   | 2 214    | 2 315    | 188        |



## **«Педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін дамыту» тегін онлайн курсы**

2021 жылғы 2 тамызда edu.kz платформасында мектеп және колледж педагогтері, ЖОО және колледж студенттеріне арналған «Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту» онлайн-курсы басталды. Курс тыңдаушыларға асинхронды режимде қолжетімді болды.

Бұл жұмыс істеп жатқан мұғалімдердің ғана емес, болашақ мұғалімдердің де кәсіби дамуы бойынша ең ауқымды бастамалардың бірі. Осы курстың көмегімен **357 487** педагог пен педагогикалық мамандық студенттері өздерінің АКТ құзыреттіліктерін арттырды, алайда олардың небәрі **312 722** ғана оқуын аяқтап, сертификаттар алды.

Курста оқыту мазмұны 2020 жылғың қарашада «Өрлеу» өткізген республиканың 7 000 мектебінен 300 мың педагогтің АКТ құзыреттілігін мониторингілеу және талдау нәтижелеріне негізделген. Педагогтер цифрлық білім беру технологияларын пайдалана отырып, сабақты жобалау әдістемелеріне, Ұлттық білім беру дерекқорының ресурстарын пайдалану дағдыларына және ActivStudio, Pictochart, Jamboard, Prezi, Flippity сияқты цифрлық бағдарламалармен жұмыс істеуге оқытылды.

### **Біліктілікті арттыру курстарын әдістемелік сүйемелдеу**

2021 жылы **әдістемелік жұмыс** бекітілген жоспарлар мен қойылған міндеттерге сәйкес жалғастырылды. Жоспарланған іс-шаралар толығымен орындалды. Оларға мыналар жатады: ПОҚ-ның инновациялық әлеуетін арттыру; ПОҚ-ын жаңа педагогикалық ойлаумен қалыптастыру; тұжырымдамалық-бағдарламалық құжаттарды және нұсқаулық-әдістемелік материалдарды зерделеу.

2021 жылы филиалдардың әдістемелік жұмысы филиалдардың оқу жұмысы және мониторингтік қызмет бөлімдерінің «Өрлеу» Оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі департаментімен өзара іс-қимыл циклограммасына сәйкес үйлестірілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығымен бекітілген Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына сәйкес 2021 жылы **127 білім беру бағдарламасы** әзірленді.

Тақырыптық және операциялық жоспарларды орындау шеңберінде «Өрлеу» филиалдарының қызметін үйлестіру және әдістемелік көмек көрсету бойынша оқу-әдістемелік материалдарды басып шығаруға қойылатын нормативтік талаптарды сақтау бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі.

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу сапасын бағалау мақсатында портфолио әзірленеді. Курс аяқталғаннан кейін есепті кезеңде кураторлар 1 381 портфолио құрастырды, онда сабақтарды өткізу, жалпы оқыту тиімділігі бағаланады.

### ***Курсаралық жұмыс***

«Өрлеу» филиалдарының әдістемелік қызметінің негізгі бағыты орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін, шығармашылық әлеуетін арттыруға бағытталған курсаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу болып табылады. Педагогтердің кәсіби дамуын курсаралық әдістемелік сүйемелдеу педагогтердің қажеттіліктері мен сұраныстарына сәйкес қалыптасады.

Инновациялық білім беру кеңістігін тереңдету және кеңейту, үздік тәжірибені тарату мақсатында филиалдарда тәжірибеге бағытталған іс-шаралар сәтті өткізілді.

2021 жылы курсаралық іс-шаралар «Өрлеу» филиалдарының Операциялық жоспарына сәйкес өткізілді. Есептік кезеңде **46 649** адамды қамтыған **481**, оның ішінде **24 596** ауылдық іс-шара өткізілді.

Қашықтықтан оқыту жағдайында вебинарлар, онлайн семинарлар, онлайн конференциялар, сырттай конкурстар және т.б. өткізу өзекті болды. Өткізілген іс-шараларды талдау білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінің кеңінен қамтылғанын көрсетеді. Сонымен қатар, олардың пәндік, тәжірибеге бағытталған бағдарын атап өткен жөн. Іс-шаралар тақырыбы білім беру жүйесіндегі заманауи үрдістерді көрсетеді.

Семинарлардың мысалдары:

- 1) Ақмола облысы бойынша «Өрлеу» «Педагогтердің пәндік құзыреттілігі - оқыту сапасын арттырудың негізі» атты семинарды өткізді
- 2) Алматы облысы бойынша «Өрлеу» «PISA халықаралық зерттеулерді аясында оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру мәселелері» онлайн семинарды өткізді
- 3) Жамбыл облысы бойынша «Өрлеу» мемлекеттік органдар мен қазақстандық психологиялық-педагогикалық қоғамдастықтың 300 өкілі: педагогикалық жоғары оқу орындарының профессорлар мен оқытушылар құрамы, педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінің қызметкерлері және т. б. арналған "Кибербуллинг және оның қазіргі жағдайдағы салдары" атты облыстық онлайн семинарды өткізді.

Конкурстардың мысалдары:

- 1) Қостанай облысы бойынша «Өрлеуде» біліктілікті арттыру курсына ағылшын тілі мұғалімдері қатысқан Алтынсарин сабағының үздік әзірлемесі бойынша облыстық конкурс өтті.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Өрлеуде» 1 412 қатысушыны қамти отырып, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Зияткер» Республикалық қашықтықтан интернет-олимпиадасы (Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының «ElUmiti» таланттар мен көшбасшыларды анықтау және қолдау жөніндегі бастамасы шеңберінде) өткізілді.

Мастер-класстардың мысалдары:

- 1) ШҚО бойынша «Өрлеуде» "Формативті және жиынтық бағалау (liveworksheets) үшін реактивті жұмыс парақтарын пайдалану" атты жас педагогтерге арналған мастер-класс өткізілді.

Тренингтердің мысалдары:

- 1) Павлодар облысы бойынша «Өрлеуде» «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында ҚМЖ жобалау» онлайн коучингі өткізілді

Жоспарға сәйкес филиалдарда ақылы семинарлар да өткізілді.

Барлығы: **9 524** педагогті қамтитын **345 семинар**, оның ішінде **4 597** ауыл мұғалімі, оның ішінде:

1. мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бойынша – 35 (1 013 ад.);
2. бастауыш білім беру бойынша – 81 (2 510 ад.);
3. негізгі және жалпы орта білім бойынша – 209 (5 451 ад.);
4. ТЖКБ бойынша – 9 (199 ад.)

***Біліктілікті арттыру жүйесіндегі үздік инновациялық тәжірибені зерделеу, жалпылау және тарату***

Педагог біліктілігін арттырудың ең тиімді нысандарының бірі озық педагогикалық тәжірибені зерделеу және жалпылау болып табылады.

"Өрлеу" ПОҚ мен білім беру ұйымдарының педагогтері үздік инновациялық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау және тарату бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде.

Осылайша, 2021 жылы:

- зерттелді – 31;
- жалпыланды – 24;
- таратылды – 14 педагогикалық тәжірибе.

Отбасы, қоғам және мектеп мұғалімдерінің тығыз өзара әрекеттесу мәселелері **зерттеледі**, бұл өскелең ұрпақпен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың тиімді жолдарын табуға көмектеседі.

Білім беруді дамытудың негізгі бағыттарына сәйкес өзекті тақырыптар **зерттеледі:** «Негізгі тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған стратегиялар - оқушылардың тілдік білімін арттырудың кепілі» (Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша «Өрлеу»); «Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердің кәсіби қызметке дайындығы» (Батыс Қазақстан облысы бойынша «Өрлеу»); «Біліктілікті арттыру жүйесіндегі жоба жұмыстары» (Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Өрлеу»).

Сыни ойлау технологиясын енгізу тәжірибесі **жалпыланады:** «Рефлексивті күнделіктер оқушылардың сыни ойлауын дамыту құралдарының бірі ретінде» (Павлодар облысы бойынша «Өрлеу»); «Ауыл мектептері мұғалімдерінің курстан кейінгі кезеңде сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша кәсіби құзіреттіліктерін дамыту» (Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Өрлеу»); «Визуалды оқыту құралдары жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында оқыту мен оқытудың тиімді тәсілдері ретінде» (Жамбыл облысы бойынша «Өрлеу»).

Келесі тәжірибе **таратылады:** «Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда педагогтің технологиялық құзыреттілігін дамыту» (Шығыс Қазақстан облысы бойынша «Өрлеу»); «Инклюзивтік білім беру контекстінде педагогтердің біліктілігін арттыру» (Қарағанды облысы бойынша «Өрлеу»).

Бұл қызмет ғылыми-зерттеу болып табылады, өйткені ол тірі педагогикалық процесті тікелей бақылауды, зерттелетін педагогикалық құбылысты ғылыми түсінуді, нәтижелерді талдау мен салыстыруды, тәжірибе авторының педагогикалық қызметінің нақты мысалдарымен растауды қажет етеді. Тиімді жұмыс істеу үшін арнайы білім және педагогикалық біліктіліктің жоғары деңгейі қажет.

Осылайша, ең жақсы инновациялық тәжірибені зерттеу, жалпылау, тарату оқыту мен тәрбиелеу процесінде туындайтын мәселелерді шешуге, психологиялық-педагогикалық ғылымдардың жетістіктерін тәжірибеге енгізуге, педагогикалық процесті ұйымдастырудың жаңа идеяларын, мазмұнын, әдістерін ұсынуға және сынауға ықпал етеді.

### *Әдістемелік басылымдарды шығару*

Филиалдардың Тақырыптық жоспарына сәйкес 2021 жылы әдістемелік әдебиеттердің **86** атауы шығарылды, оның ішінде: әдістемелік құралдар – **27**, әдістемелік ұсынымдар – **47**, электрондық әдістемелік құралдар – **7**, дидактикалық материалдар – **1**, әдістемелік жинақтар – **2**, электрондық әдістемелік жинақтар – **2**.

Барлығы **86** әдістемелік басылым, **27** әдістемелік құрал, **47** ұсыныс, **7** электрондық әдістемелік құрал, **1** дидактикалық материал, **2** әдістемелік жинақ, **2** электрондық әдістемелік жинақ дайындалды.

## **Біліктілікті арттыру курстарының тиімділігіне мониторинг жүргізу**


### *Мектепке дейінгі білім беру*

2021 жылы «Өрлеу» филиалдарында мектепке дейінгі білім берудің 6 626 педагогі қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсында келесі тақырыптары бойынша оқытудан өтті: «Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында АКТ-технологияларды қолдану бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» - 628 педагог. «Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде оның пәндік-кеңістіктік дамыту ортасын жобалау» - 5 998 педагог.

Кіру сауалнамасы келесіні анықтады:

Оқытудың негізгі мақсаттарын тыңдаушылар заманауи технологияларды меңгеруге ұмтылуды, оқыту және тәрбиелеу әдістерін 45,31% (3 002 ад.), біліктілік санатын жоғарылату 33,23% (2 002 ад.) таңдады.

#### **Сіздің курстарда оқу мақсатыңыз қандай?**




Төмендегі диаграммадан сұралған педагогтердің 50%-ы (3 313 ад.) осы тақырып бойынша жұмыс істейтіндігін, бірақ қосымша теориялық және тәжірибелік дайындықты қажет ететіндігін көруге болады, 32,64%-ы (2 163 ад.) осы тақырып бойынша жалпы түсінікке ие, тек 17,36%-ында (1 150 ад.) осы тақырып бойынша нақты білімі жоқ.

### Сіз осы курстың тақырыбы бойынша қаншалықты хабардарсыз?



Тыңдаушыларда білім беру қызметінің келесі бағыттарында қиындықтар басым: нормативтік-құқықтық – 37,96% (2 515 ад.), әдістемелік – 29,25% (1 938 ад.), психологиялық-педагогикалық – 22,11% (1 465 ад.).

### Сіз қандай қызмет салаларында қиындықтарға тап боласыз?



Тыңдаушылар білім берудегі инновациялық тәсілдер туралы ақпараттың негізгі көздері біліктілікті арттыру курстарын (54,57%) және интернет-ресурстарды (44,91%) атап өтті.

### Сіз білім берудегі инновациялық тәсілдер туралы ақпаратты қандай көздерден аласыз?





Сондай-ақ, кіру сауалнамаларынан біз тыңдаушылардың Microsoft Office және ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларының деңгейін көре аламыз.

### **Microsoft Word**

- мәтінді теру, қаріп пішімін, абзацтарды өзгерту, мәтінді бағандарға орналастыру – 73,06%;
- беттерді нөмірлеу, мазмұн кестесін құру, құжатты басып шығару – 31,72%;
- құжатқа суреттер, кестелер, WordArt және SmartArt нысандарын қою – 23,91%;
- сілтемелермен, түсіндірмелермен және колонтитулдармен жұмыс жасау – 19,94%.

### **Microsoft Excel**

- электрондық кестелер құру, ұяшықтар ауқымын таңдау, формулалармен, сілтемелермен жұмыс жасау – 55,09%;
- электрондық кестені алдын-ала қарау және басып шығару – 36,3%;
- графиктерді, диаграммаларды және гистограммаларды құру – 16,95%;
- жиынтық кестелерді құру, деректерді сұрыптау, сүзгілерді пайдалану әдістері – 16,81%.

### **Microsoft PowerPoint**

- слайдтарды жасау, қосу, жою, жылжыту, слайдтарды қарау режимін қолдану – 68,16%;
- слайдтарды нөмірлеу, алдын-ала қарау және басып шығару – 26,92%;
- слайдқа суреттер, кестелер, WordArt және SmartArt нысандарын қою – 23,82%;
- еренсілтемелер мен өтулерді қолдану, дизайнмен, анимациямен және слайд көрсетілімімен жұмыс жасау – 16,81%.
- Ақпараттық технологиялар
- электрондық пошта, мессенджерлер (WhatsApp, Skype, Telegram, ICQ, Google Hangouts және т.б.) – 71,39%;
- BilimLand, Kahoot, LearningApps, Zoom, Google Classroom, Quizlet платформалары – 22,28%;
- дайын цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану – 19,88%;
- бейне сабақ жасау – 17,9%;
- жеке сайттың болуы – 3,55%.

Осылайша, курстардың тыңдаушылары негізгі АКТ технологияларын сенімді меңгерген және оларды өз жұмысында белсенді қолданады. Алайда, қашықтықтан оқытудың қажеттілігі


болып табылатын бейне сабақтарды құру дағдыларына назар аударған жөн.

**Біліктілікті арттыру курстарына қанағаттанушылықты** анықтау үшін курстар аяқталғаннан кейін тыңдаушылар бейесімді шығу сауалнамаларынан өтті. Сауалнамаға біліктілікті арттыру курстарынан өткен 6 626 тыңдаушының 6 340-ы (95,68%) қатысты.

«Курстың дәрістік және тәжірибелік материалдарының мазмұны бағдарлама тақырыбына және тыңдаушылар санатына сәйкес келді ме?» сауалнаманың бірінші сұрағына сұралған барлық дерлік педагогтер – 6 297 адам (99,32%) сәйкестікті атап өтті және тек 43 педагог (0,68%) қана теріс жауап берді.


Сұралған тыңдаушылардың 88,55%-ы (5 614 ад.) үшін курс мазмұны толығымен жаңа және ақпараттық, 11,04%-ы (700 ад.) үшін ішінара жаңа және 0,41%-ы (26 ад.) үшін аз жаңа болды.

**Курстың мазмұны Сіз үшін қаншалықты жаңа және өзекті болды?**



Диаграммадан көрініп тұрғандай, сауалнамаға қатысқан тыңдаушылардың 98,66%-ы (6 255 ад.) вариативті модуль тақырыптары олардың кәсіби қиындықтарын шешуге толық немесе ішінара сәйкес келеді деп санайды.


**Вариативті модуль тақырыптары сіздің кәсіби қиындықтарыңызды шешуге ықпал етті ме?**



Диаграммадан сұралған тыңдаушылардың 99,81%-ы (6 328 ад.) аталған модульді зерделеу кезінде цифрлық технологиялар бойынша толық немесе ішінара жаңа білім алды деп есептейтіні келіп шығады.




**"Педагогтердің ІТ-құзыреттілігін дамыту" модулін зерделеу кезінде цифрлық технологиялар бойынша жаңа білім алдыңыз ба?**




Диаграммадан көрініп тұрғандай, 6 332 педагог (99,87%) курстың көлемі мен тереңдігі толық немесе ішінара және олардың тәжірибесіне сәйкес келеді деп санайды.

**Курстың көлемі мен тереңдігі Сіздің біліктілігіңіз бен тәжірибеңізге сәйкес келді ме?**




Тыңдаушылардың 93%-дан астамы (5 910 ад.) біліктілікті арттыру курстарынан үміттерін толық көлемде ақтады.

**Сіздің курстан күткен үміттеріңіз ақталды ма?**



Курстағы оқыту сапасына тыңдаушылардың 99,94%-ы (6 336 ад.) толық және ішінара қанағаттанды және небәрі 0,06%-ы (4 ад.) қанағаттанбады.

### Сіз курста оқу сапасына қанағаттанасыз ба?




Сонымен қатар тыңдаушылар біліктілікті арттыру курстары бағдарламаларының сапасын да бағалады.

### Білім беру бағдарламаларын бағалау (МДҰ)




Курс тыңдаушыларының шығу диагностикасын талдау негізінде тьюторлар мен ПОҚ бағалаудың орташа балы – 9,85 балды құрады. Тыңдаушылардың оқу жетістіктерін бағалау – 9,65 балл. Демек, курстардың рейтингі – 9,75 балл.

### Филиалдар бойынша ПОҚ рейтингі (МДҰ)



### Филиалдар бөлінісінде курстар рейтингі (МДҰ)




## Бастауыш және орта білім беру

2021 жылы «Өрлеу» филиалдарында қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсына 24 328 орта білім беру педагогі оқудан өтті.

**Кіру сауалнамасы** тыңдаушылардың келесі тілектерін анықтады:

Оқытудың негізгі мақсаттарын тыңдаушылар заманауи технологияларды, оқыту және тәрбиелеу әдістерін меңгеруге ұмтылуды 45,89% (11 007 ад.), біліктілік санатын жоғарылатуды 30,67% (7 357 ад.) таңдады.

**Сіздің курстарда оқыңыздың мақсаты қандай?**




Төмендегі диаграммадан 58,58% (14 051 ад.) осы тақырып бойынша жұмыс істейді, бірақ қосымша теориялық және тәжірибелік дайындықты қажет етеді, 31,11% (7 463 ад.) осы тақырып туралы жалпы түсінікке ие және небәрі 11,73% (2 814 ад.) осы тақырып бойынша нақты білімі жоқ екенін көруге болады.

**Осы курстың тақырыбы туралы қаншалықты хабардарсыз?**



Тыңдаушыларда білім беру қызметінің келесі бағыттарында қиындықтар басым: нормативтік-құқықтық – 36,18% (8 679 ад.), әдістемелік – 33,91% (18 135 ад.), сабақты жоспарлау – 14,4% (4 173 ад.) және психологиялық-педагогикалық – 16,69% (4 003 ад.).

### Сіз қандай қызмет салаларында қиындықтарға тап боласыз



Тыңдаушылар білім берудегі инновациялық тәсілдер туралы ақпараттың негізгі көздері біліктілікті арттыру курстарын (54,63%) және интернет-ресурстарды (50,58%) атап өтті.

### Сіз білім берудегі инновациялық тәсілдер туралы ақпаратты қандай көздерден аласыз?



Сондай-ақ, кіру сауалнамаларынан біз тыңдаушылардың Microsoft Office және ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларының деңгейін көре аламыз.

### Microsoft Word

- мәтінді теру, қаріп пішімін, абзацтарды өзгерту, мәтінді бағандарға орналастыру – 70,63%;
- беттерді нөмірлеу, мазмұн кестесін құру, құжатты басып шығару – 39,40%;
- құжатқа суреттер, кестелер, WordArt және SmartArt нысандарын қою – 33,83%;
- сілтемелермен, түсіндірмелермен және колонтитулдармен жұмыс жасау – 29,46%.

### Microsoft Excel

- электрондық кестелер құру, ұяшықтар ауқымын таңдау, формулалармен, сілтемелермен жұмыс жасау – 54,05%;

- электрондық кестені алдын-ала қарау және басып шығару – 40,81%;
- графиктерді, диаграммаларды және гистограммаларды құру – 27,43%;
- жиынтық кестелерді құру, деректерді сұрыптау, сүзгілерді пайдалану әдістері – 23,73%.

#### **Microsoft PowerPoint**

- слайдтарды жасау, қосу, жою, жылжыту, слайдтарды қарау режимін қолдану – 64,06%;
- слайдтарды нөмірлеу, алдын-ала қарау және басып шығару – 35,62%;
- слайдқа суреттер, кестелер, WordArt және SmartArt нысандарын қою – 34,14%;
- еренсілтемелер мен өтулерді қолдану, дизайнмен, анимациямен және слайд көрсетілімімен жұмыс жасау – 25,42%.

#### **Ақпараттық технологиялар**

- электрондық пошта, мессенджерлер (WhatsApp, Skype, Telegram, ICQ, GoogleHangouts және т.б.) – 65,66%;
- BilimLand, Kahoot, LearningApps, Zoom, Google Classroom, Quizlet платформалары – 43,72%;
- дайын цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану – 29,17%;
- бейне сабақ жасау – 20,69%;
- жеке сайттың болуы – 3,98%.


Осылайша, біз курс тыңдаушыларының АКТ технологияларын меңгергенін және оларды өз жұмысында белсенді қолданатынын көре аламыз.

**Біліктілікті арттыру курстарына қанағаттанушылықты анықтау** үшін курстар аяқталғаннан кейін тыңдаушылар бейесімді шығу сауалнамаларынан өтті. Сауалнамаға біліктілікті арттыру курстарынан өткен 24 328 тыңдаушының 23 561-і (96,85%) қатысты.

*«Курстың дәрістік және тәжірибелік материалдарының мазмұны бағдарлама тақырыбына және тыңдаушылар санатына сәйкес келді ме?»* сауалнаманың бірінші сұрағына сұралған барлық дерлік педагогтер – 23 488 адам (99,69%) сәйкестікті атап өтті және тек 73 педагог (0,31%) қана жоқ деп жауап берді.


Сұралған тыңдаушылардың 89,01%-ы (20 972 ад.) үшін курс мазмұны толығымен жаңа және ақпараттық, 10,50%-ы (2 474 ад.) үшін ішінара жаңа және 0,49% (115 ад.) үшін аз жаңа болды.

### Курстың мазмұны Сіз үшін қаншалықты жаңа және өзекті болды?




Диаграммадан көрініп тұрғандай, сауалнамаға қатысқан тыңдаушылардың 99,60%-ы (23 466 ад.) вариативті модуль тақырыптары олардың кәсіби қиындықтарын шешуге толық немесе ішінара сәйкес келеді деп санайды.

### Вариативті модуль тақырыптары сіздің кәсіби қиындықтарыңызды шешуге ықпал етті ме?




Диаграммадан сұралған тыңдаушылардың 99,90%-ы (23 538 ад.) аталған модульді зерделеу кезінде цифрлық технологиялар бойынша толық немесе ішінара жаңа білім алды деп есептейтіні келіп шығады.

### "Педагогтердің IT-құзыреттілігін дамыту" модулін зерделеу кезінде цифрлық технологиялар бойынша жаңа білім алдыңыз ба?




Диаграммадан көрініп тұрғандай, 23 546 педагог (99,94%) курстың көлемі мен тереңдігі толық немесе ішінара және олардың тәжірибесіне сәйкес келеді деп санайды.

**Курстың көлемі мен тереңдігі Сіздің біліктілігіңіз бен тәжірибеңізге сәйкес келді ме?**



Тыңдаушылардың 74%-дан астамы (17 464 ад.) біліктілікті арттыру курстарынан үміттерін толық көлемде ақтады.


**Сіздің курстан күткен үміттеріңіз ақталды ма?**



Курстағы оқыту сапасына тыңдаушылардың 99,63%-ы (23 473 ад.) толық және ішінара қанағаттанды және небәрі 0,37%-ы (88 ад.) қанағаттанбады.

Бұл ретте, сұралғандардың тек 2,13%-ы тәжірибелік дағдылар туралы айтады, ал тыңдаушылардың 24,32%-ы теориялық дағдыларды алды.

**Сіз курста оқу сапасына қанағаттанасыз ба?**



Сонымен қатар тыңдаушылар біліктілікті арттыру курстары бағдарламаларының сапасын да бағалады.




## Білім беру бағдарламаларын бағалау




Курс тыңдаушыларының шығу диагностикасын талдау негізінде тьюторлар мен ПОҚ бағалаудың орташа балы – 9,89 балды құрады. Тыңдаушылардың оқу жетістіктерін бағалау – 9,81 балл. Демек, курстардың рейтингі – 9,85 балл.

### Филиалдар бойынша ПОҚ рейтингі (БК)



### Филиалдар бойынша курстар рейтингі (БК)




### Техникалық және кәсіптік білім беру

2021 жылы орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында ТЖКБ 5 568 оқытушысы "Өрлеуде" біліктілікті арттыру курсынан өтті.

**Кіру сауалнамасы** тыңдаушылардың келесі тілектерін анықтады:


Оқытудың негізгі мақсаттарын тыңдаушылар заманауи технологияларды меңгеруге ұмтылуды, оқыту және тәрбиелеу әдістерін 47,4% (2 639 ад.), біліктілік санатын жоғарылату 32,24% (1 795 ад.) таңдады.

### Сіздің курстарда оқу мақсатыңыз қандай?



Жаңартылған бағдарламалар бойынша оқытумен байланысты жаңартуды, оның тәсілдерін, критериялды бағалау жүйесін және т. б. жаңарту шеңберінде курстан өткен мұғалімдер табысты таратуда, сондықтан тыңдаушылардың сауалнаманың «Сіз осы курстың тақырыбы бойынша қаншалықты хабардарсыз?» деген екінші сұрағына жауаптары сай. Диаграммадан көріп тұрғанымыздай, сұралған педагогтердің көпшілігі – 55,66% (3 099 ад.) осы тақырып бойынша жұмыс істейді, бірақ қосымша теориялық және тәжірибелік дайындықты қажет етеді, 32,11% (1 788 ад.) осы тақырып бойынша жалпы түсінікке ие, тек 12,23% (681 ад.) осы тақырып бойынша нақты білімі жоқ.

### Сіз осы курстың тақырыбы бойынша қаншалықты хабардарсыз?



Білім берудегі инновациялық тәсілдер туралы ақпараттың негізгі көздері ретінде тыңдаушылардың 58,19%-ы (3 240 ад.) біліктілікті арттыру курстарын және 40,07%-ы (2 231 ад.) интернет-ресурстарды атап өтті.

**Сіз білім берудегі инновациялық тәсілдер туралы ақпаратты қандай көздерден аласыз?**



Сондай-ақ, кіру сауалнамаларынан біз тыңдаушылардың Microsoft Office және ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларының деңгейін көре аламыз.

Сауалнаманың төртінші сұрағы «Microsoft Word бағдарламасында құжат жасаудың қандай дағдыларыңыз бар?»

- мәтінді теру, қаріп пішімін, абзацтарды өзгерту, мәтінді бағандарға орналастыру – 62,21%;
- беттерді нөмірлеу, мазмұн кестесін құру, құжатты басып шығару – 33,05%;
- құжатқа суреттер, кестелер, WordArt және SmartArt нысандарын қою – 26,58%;
- сілтемелермен, түсіндірмелермен және колонтитулдармен жұмыс жасау – 25,99%.

Сауалнаманың бесінші сұрағы «Microsoft Excel-де электрондық кестелер құрудың қандай дағдыларыңыз бар?»

- электрондық кестелер құру, ұяшықтар ауқымын таңдау, формулалармен, сілтемелермен жұмыс жасау – 54,02%;
- электрондық кестені алдын-ала қарау және басып шығару – 29,17%;
- жиынтық кестелерді құру тәсілдері, деректерді сұрыптау, сүзгілерді пайдалану – 26,78%;
- графиктер, диаграммалар және гистограммалар жасау – 21,05%.

Сауалнаманың алтыншы сұрағы «Microsoft PowerPoint бағдарламасында презентация жасаудың қандай дағдыларыңыз бар?»

- слайдтарды жасау, қосу, жою, жылжыту, слайдтарды қарау режимін қолдану – 60, 51%;
- слайдқа суреттер, кестелер, WordArt және SmartArt нысандарын қою – 31,41%;
- слайдтарды нөмірлеу, алдын-ала қарау және басып шығару – 31,12%;

- еренсілтемелер мен өтулерді қолдану, дизайнмен, анимациямен және слайд көрсетілімімен жұмыс істеу – 23,87%.

Сауалнаманың жетінші сұрағы: «Сіз өз жұмысыңызда ақпараттық технологиялардың қандай түрлерін қолданасыз?»


- электрондық пошта, мессенджерлер (WhatsApp, Skype, Telegram, ICQ, GoogleHangouts және т.б.) – 59,14%;
- BilimLand, Kahoot, LearningApps, Zoom, Google Classroom, Quizlet платформалары – 37,95%;
- дайын цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану – 28,32%;
- бейне сабақ құру – 20,4%;
- өз сайтының болуы – 5,66%.

Осылайша, біз курс тыңдаушыларының АКТ технологияларын меңгергенін және оларды өз жұмысында белсенді қолданатынын көре аламыз.

**Біліктілікті арттыру курстарына қанағаттанушылықты** анықтау үшін курстар аяқталғаннан кейін тыңдаушылар бейесімді шығу сауалнамаларынан өтті. Сауалнамаға біліктілікті арттыру курстарынан өткен 5 568 тыңдаушының 5 227-ы (93,8%) қатысты.


Сұралған тыңдаушылардың 99,31%-ы (5 191 ад.) жаңартылған бағдарлама шеңберінде сабақты жоспарлауды толық немесе ішінара меңгерді және тек 0,69%-ы (36 ад.) меңгерді немесе жауап беруге қиналды.

**Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында сабақты жоспарлауды қаншалықты меңгердіңіз?**




Диаграммадан біз сұралған тыңдаушылардың 99,41%-ы (5 196 ад.) өз пәнін оқыту әдістемесінің ерекшеліктерін толық немесе ішінара меңгергенін және тек 0,59%-ы (31 ад.) меңгермегенін немесе жауап беруге қиналғанын көреміз.

#### Сіз пәнді оқыту әдістемесінің ерекшеліктерін қаншалықты меңгердіңіз?




Тыңдаушылардың 90%-дан астамының (4 710 ад.) біліктілікті арттыру курстарынан үміттері толық көлемде ақталды.

#### Сіздің курстан күткен үміттеріңіз ақталды ма?



Курстағы оқыту сапасына тыңдаушылардың 99,94%-ы (5 224 ад.) толық және ішінара қанағаттанды. Тек 0,04%-ы (2 ад.) ғана қанағаттанбады.


#### Сіз курста оқу сапасына қанағаттанасыз ба?



Шығу сауалнамасын жүргізу кезінде алынған деректерді талдау ҚР орта білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту жағдайында курстардың ұйымдастырылу деңгейін және тыңдаушылардың жұмысқа даярлық деңгейін көрсетті.

Филиалдардың ПОҚ оқыту сапасы 10 балдық шкала бойынша 9,86 баллмен бағаланды.

#### Филиалдар бойынша ПОҚ рейтингі (ОССО)




#### Ғылыми-зерттеу жұмысы

Ғылыми-зерттеу жұмысы кафедра оқытушылары қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, олардың кәсіби дамуына әсер етеді. Қалалар мен аудандар мектептерінің базасында кафедра қызметкерлері пән мұғалімдерімен бірлесіп жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу қызметі ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыруға бағытталған.

Есептік кезеңде филиалдардың ПОҚ мен жаттықтырушылары 57 (ҒЗҚ) жобаны іске асырды, ҒЗҚ тақырыптарын (жобаларын) іске асыруға қатысатын 153 білім беру мекемесі.

### Филиалдар бөлінісінде жобаларды іске асыру




Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар филиал қызметкерлері отандық және халықаралық басылымдарда мақалалар жариялау, ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар және т. б. материалдарында жұмыстарды жандандырды.

Есептік кезеңде филиалдардың қызметкерлері халықаралық басылымдарда 325 мақала жариялады. Оның ішінде:

- мектепке дейінгі білім беру – 21 мақала;
- бастауыш білім беру – 31 мақала;
- орта білім беру – 249 мақала;
- басқа – 24 мақала.

### Филиалдар бөлінісінде халықаралық басылымдардағы жарияланымдар






Республикалық басылымдарда 802 мақала жарияланды, оның ішінде:

- мектепке дейінгі білім беру – 38 мақала;
- бастауыш білім беру – 97 мақала;
- орта білім беру – 622 мақала;
- ТЖКБ – 1 мақала;
- басқа – 44 мақала


#### Республикалық басылымдардағы жарияланымдар



Облыстық (қалалық, аудандық) басылымдарда 72 мақала жарияланды. Оның ішінде:

- мектепке дейінгі білім беру – 1 мақала;
- бастауыш білім беру – 4 мақала;
- орта білім беру – 66 мақала;
- басқа – 1 мақала.

#### Облыстық басылымдардағы жарияланымдар филиалдар бөлінісінде



Сондай-ақ, импакт-факторы бар журналдарда және РФДИ-да 52 жарияланым, сондай-ақ ҚР БФМ БФССК ұсынған басылымдарда, оның ішінде 7 ғылыми жарияланым импакт-факторы бар журналдар мен жинақтарда, 23 ғылыми жарияланым РФДИ журналдары мен жинақтарында және 22 ҚР БФМ БФССК ұсынған басылымдарда жарық көрді.

Филиалдардың операциялық жоспарына сәйкес халықаралық және республикалық деңгейдегі ғылыми және ғылыми-практикалық бағыттағы 58 іс-шара өткізілді, оның ішінде 11 халықаралық деңгейдегі, 23 республикалық және 24 облыстық.

Филиалдардың ПОҚ республикалық және халықаралық конференциялардың белсенді қатысушылары болып табылады. Халықаралық іс-шараларға қатысу көбейді. Өткен жылмен салыстырғанда жарияланымдар мен ғылыми жобалар саны артты

#### Халықаралық жобалар

Есепті кезеңде «Өрлеу» филиалдары Сербия (Академиялық ұтқырлық жөніндегі қауымдастық), Ресей (Новосибирск қаласының муниципалдық мекемесі «Академик М.А. Лаврентьев атындағы № 130 Лицей», Новосибирск мемлекеттік педагогикалық университеті, Санкт-Петербург дипломнан кейінгі педагогикалық білім академиясы, «Жас техниктер станциясы» муниципалдық бюджеттік қосымша білім беру мекемесі, Омбы облысының білім беруді дамыту институты), Сингапур (Nanyang Polytechnic International)

сияқты елдермен ынтымақтастық туралы 7 меморандумға қол қойды.

Павлодар облысы бойынша «Өрлеу» халықаралық ынтымақтастық шеңберінде «Жас педагогті кәсіби қызметке сәтті енгізу процесі үшін қолдау жүйесін құру» семинарын өткізу үшін Новосибирск облысы, Чистоозерный ауданы, «Ақпараттық-әдістемелік орталық» ҚКБМҚБМ бастығы Л.А. Ланг шақырылды. Қызылорда облысы бойынша «Өрлеу» «Мектеп-отбасы-қоғам» қауымдастығының директоры Ирина Киквадзені (Грузия, Тбилиси) «Филологиялық білім беруді жаңғырту» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізуге шақырды.

СҚО бойынша «Өрлеу» Майер А.А., педагогикалық ғылымдар докторы, педагогика кафедрасының профессоры, Мәскеу облысының мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтері қауымдастығының төрағасы («Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» МО ЖБ МБМ, Облыстық жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім беру институты (Запорожье қ., Украина) Халықаралық қашықтықтан конкурсты өткізу үшін; Мельник А.Н., п.ғ.к., доцент, ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі; Попрядухина Наталья Григорьевна, доцент, п.ғ.к., психология және педагогика кафедрасының доценті (Орск гуманитарлық-технологиялық институты (филиалы), (Орск қ., Ресей) Ресей және Украина серіктестерінің халықаралық қатысуымен «ШЖМ: тәжірибе және даму үрдістері» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізу үшін; Файзуллина А. Р., п.ғ.к., педагогика және психология кафедрасының доценті (Тюмень облыстық аймақтық білім беруді дамыту мемлекеттік институты) «Мен әлемді танымын» зерттеу жобаларының халықаралық конкурсын өткізу үшін шақырды.

Есепті кезеңде филиалдар шетелдік серіктестермен де іс-шаралар өткізді. Жамбыл облысы бойынша «Өрлеу» «Қазіргі заманғы ғылымның даму перспективалары» VI Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы; «Қазіргі заманғы неврология тұрғысынан дефектология: теориялық және тәжірибелік аспектілер» I Халықаралық ғылыми конференциясы; «Tasks and problems of science and practice» XIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы; «Педагогтердің үздіксіз білім алуы: жетістіктері, мәселелері, перспективалары» IV Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы; «Сапа менеджменті: ізденіс және шешімдер» VII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Қарағанды облысының педагогтері «PEER-TO-PEER» әдістемелік шеберханасына жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бағыты бойынша қатысты. М.П. Кушнир «Өрлеу» Қарағанды

филиалының жас педагогтермен «Жетістік навигаторы» КСП жыл сайынғы кәсіби конкурсы шеңберінде «Педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының жаңа векторлары: жас маманның қалыптасу мәселелері» халықаралық білім беру телекөпірі шеңберінде жұмыс тәжірибесін ұсынды; филиал қызметкерлерінің әдістемелік қолдауымен Қарағанды облысының педагогтері «Педагогикалық шеберлік академиясы: ХХІ ғасыр дағдылары» халықаралық әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен оқырман сауаттылығы бағыты бойынша «PEER-TO-PEER» әдістемелік шеберханасына қатысты; Омбы облысының білім беруді дамыту институтының ректоры Горбунова Т. С. «Мектептегі білім беру нәтижелері: БҚД-дан функционалдық сауаттылыққа» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның пленарлық отырысында баяндама жасады. Сондай-ақ, Қарағанды филиалы Білім беруді дамыту институтымен (Ресей), Ресей халықтар достығы университетімен (Ресей) бірлескен іс-шаралар, «Балалар мен жасөспірімдерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» біліктілікті арттыру курстарын өткізді.

«Өрлеу» Қостанай филиалымен CURRENT ISSUES AND PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF SCIENTIFIC RESEARCH XFTK I Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, EXPERIMENTAL AND THEORETICAL RESEARCH IN MODERN SCIENCE II Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, «Жетістік педагогикасы: болашағы мен мүмкіндіктері» халықаралық онлайн-конференциясы Чебоксары қ., «Педагогтің инновациялық қызметі педагогикалық шеберлікті арттыру ресурсы ретінде» Бүкілресейлік конференциясы, «Күн сәулесі» халықаралық онлайн конференциясы, «Scientific paradigm in the Context of technologies and society development» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, «Технологиялық және цифрлық инновациялар жағдайындағы заманауи шешімдер» XXXXI бүкілресейлік ғылыми-тәжірибелік конференциясы, «Тәрбие стратегиялық ұлттық басымдық ретінде: тиімді өңірлік тәжірибе» өңіраралық конференциясы өткізілді.

Маңғыстау филиалы Ресей білім қоры, Мәскеу, Дағыстан мемлекеттік университеті, Францияның халықаралық білім беру қауымдастығы, Париж, EUROPEAN EDUCATIONAL FORUM (Болгария, Варна қ.), Сингапур Nanyang Polytechnic International-мен іс-шаралар өткізді.

Есептік кезеңде Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиал «ETF Torino Process 2018-2020» семинарына, «Мұғалім, мені шығармашылыққа шабыттандыр» халықаралық форумына, «Үздіксіз педагогикалық білім беру және педагог қызметкерлердің кәсіби дамуы жүйесіндегі жаңа дидактикалық шешімдер» Еуразиялық білім беру диалогы халықаралық форумына,

«Педагогтердің үздіксіз білім беруі: жетістіктері, мәселелері, келешегі» IV Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты.

Павлодар облысы бойынша «Өрлеу» Ресей Федерациясы Новосибирск облысы Чистоозер ауданы Әкімшілігінің Білім басқармасымен, Ресей Федерациясы Иркутск облысы Қосымша кәсіби білім беру мемлекеттік автономды мекемесімен іскерлік серіктестік орнатылды және «Кіші оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру: ағымдық жай-күйі, мәселелері мен болашағы» тақырыбында дөңгелек үстел (ҚР және РФ мектептерінің 100 педагогі) және «Жас педагогті кәсіби қызметке сәтті енгізу процесі үшін оны қолдау жүйесін құру» тақырыбында ашық диалогтық алаң (РФ және ҚР мектептерінің 60 педагогі) өткізілді.

БЖБАРИ «Киберпедагог» халықаралық білім беру қозғалысының мастер-классын өткізді (Belgian Education Council).

СҚО бойынша «Өрлеу» аралас оқыту ахуалында инклюзияны ілгерілетуге бағытталған III халықаралық вебинар (Bilimland, Imekter, Qlang, Microsoft, Атамекен, Дүниежүзілік банк, ЮНИСЕФ, ДДҰ, ЮНЕСКО); «Педагогикалық шеберлік академиясы: XXI ғасыр дағдылары» халықаралық әдістемелік орталығының кеңесі (Халықаралық әдістемелік орталық (Ресей-Сингапур), Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары басшыларының Халықаралық қысқы мектебінің сабағы, сабақтың тақырыбы: «Балабақша және отбасы: қазіргі жағдайдағы тиімді өзара іс-қимыл» (Мәскеу мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті), жалпы білім беру мекемелерінің педагог қызметкерлері мен білім алушыларына арналған «Мұғалім - бұл жердегі басты мамандық!» Бүкілресейлік әлеуметтік жарнама конкурсы (Білім беруді және әлеуметтік технологияларды дамыту институты (БӨҒДИ) қосымша білім беру мемлекеттік дербес білім беру мекемесі), «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар, оның ішінде білім беру жүйесіндегі зияткерлік дамуы бұзылған балаларды әлеуметтендіру және бейіндеу: тәжірибе және перспективалар» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы (Петропавл қ.), Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған "Заманауи педагогикалық білім беру: императивтер, трансформациялар, даму векторлары" атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, «Білім беру мекемелерінде заманауи инновациялық технологиялар мен әдістемелерді дамыту» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы (РФ, Қорған қ.), Қазақстан – Украина «Жаңа қалыптылық жағдайында педагогтердің біліктілігін арттыру: сын-қатерлер, идеялар, шешімдері» Халықаралық диалог-сессиясы (Украина, Запорожье қ.), Phad Alessandro Figus, Profesor, Vice Rector for International Relations and European Integration, Gainiya Tazhina,

UIB ғылым және зерттеулер департаментінің директоры, Ирина Олькова, KU шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі (Erasmus (Еуропалық Одақ), Білім беру саласындағы саясат және инновациялар бойынша KIX NORRAG «Education Policy and Innovation Conference» алғашқы конференциясы (An Associate Program of the Graduate Institute of International and Development Studies (IHEID) (Швейцария, Женева), «Педагогикалық шеберлік академиясы: XXI ғасыр дағдылары» халықаралық әдістемелік орталығының қызметі шеңберінде серіктес елдердің білім беру саясатын іске асыру жағдайындағы өзара іс-қимылды дамытудың нәтижелері мен стратегиялары» тақырыбы бойынша халықаралық әдістемелік орталық кеңесінің отырысына қатысу («Омбы облысының білім беруді дамыту институты» ҚҚБ ББМ (Ресей, Омбы).

ҚР мектептерінің ағылшын тілі мұғалімдерін үздіксіз кәсіби дамыту жөніндегі пилоттық жобаны (бұдан әрі – Жоба) іске асыру мақсатында 2021 жылғы 1 қыркүйекте «Өрлеу» мен Британдық Кеңес арасында серіктестік туралы келісімге қол қойылды.

Бұл жоба Британдық Кеңестің халықаралық жобасының бір бөлігі болып табылады, оған алты ел қатысады: Қазақстан, Грузия, Украина, Өзбекстан, Армения және Әзірбайжан. Жобаның мақсаты педагогтердің пәндік құзыреттіліктерін арттыру болып табылады. Оқыту Online Teacher Community Platform онлайн платформасында еңбек қызметінен қол үзбей қашықтықтан форматында өтті. Жоба аясында 2000 педагогті оқыту жоспарлануда. 18 қазаннан 25 желтоқсанға дейін 1 ағында деңгейді анықтау тестінен сәтті өткен 800 мұғалім оқыды. Оқыту тегін, ағылшын тілі мұғалімдеріне оқытуға қатысу үшін қойылатын негізгі талап: ағылшын тілін кем дегенде B1 деңгейінде білу. Ағылшын тілі мұғалімдерін тестілеу Британдық Кеңестің грамматика, лексика, оқу және тыңдалымды меңгеруді бағалайтын «English Score» қосымшасы арқылы онлайн түрде өтті. Тест нәтижелері келесіні көрсетті:

Деңгейді анықтауға тест тапсырған (1736) 1 ағын мұғалімдердің 62%-ы CEFR (тілдік құзыреттіліктің жалпыеуропалық шкаласына) сәйкес B1 және одан жоғары деңгейді жинаса, 38% педагогтер B1 деңгейін жинай алмады. Пилоттық жобаға қатысу үшін шекті деңгейді жинаған 68% педагогтардың 16%-ы B2 және C1 жоғары деңгейлерін көрсетті.

**Анықтама үшін.** B1 ағылшын деңгейі - Еуропалық Кеңес құрастырған, CEFR жалпыеуропалық жүйесінде, түрлі тілдік деңгейлерді анықтау жүйесінде тілді білудің үшінші (орташа) деңгейі. Бұл деңгейде студенттер негізгі ағылшын тілінен асып түседі, бірақ жұмыс немесе оқу бойынша тек ағылшын тілінде сөйлесуге әлі де дайын емес (Дереккөз: EF Set. EF Standard English Test. Retrieved November 24, 2021, from <https://www.efset.org/ru/cefr/b1/>).



Future English Online Teacher Community Programme оқыту бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) – 10 аптаға есептелген 40 сағаттық қашықтықтан оқыту бағдарламасы оқуға арналған 5 модульді қамтиды.

Бағдарламаның негізгі модульдері:

- Сабақты жоспарлау: оқу нәтижелеріне қол жеткізу
- Оқушыларды түсіну: оқуды ынталандыру
- Оқуды бағалау: оқуды бағалауға қатысу
- АКТ интеграциясы: оқыту технологияларымен өзара әрекеттесу, ағылшын тілін онлайн оқыту
- Инклюзивті оқыту: инклюзивті оқытудың тәсілдерін түсіну.

Оқыту нәтижелері бойынша бағдарламаның негізгі талаптарын орындаған кезде педагогтер жоба бойынша оқудан өткені туралы сертификат алады. 2 ағынды оқыту 17.01.2022 жылдан 25.03.2022 жылға дейін жоспарланған.

Бағдарлама басталғанға дейін форумдағы пікірталастарды модерациялау және Ұлыбританиядан келген модератордың басшылығымен нақты уақыт режимінде тұрақты кездесулер өткізу арқылы ағылшын тілі мұғалімдеріне оқытуда қолдау көрсету мақсатында «Өрлеу» ағылшын тілі оқытушыларының, тілдік деңгейі жоғары және сертификатталған педагогтерінің қатарынан 20 қазақстандық фасилитатор дайындалды. Бағдарлама аяқталғаннан кейін бағдарламаны сәтті өткен фасилитаторлар фасилитатор сертификаттарын алады және мұғалімдердің екінші ағынымен жұмысты дербес жалғастырады. Қазіргі уақытта фасилитаторлардың екінші тобы оқытылуда.

## **Баспа қызметі**

### ***Филиалдар қызметкерлерінің БАҚ-тағы жариялымдары***

Есептік кезеңде ҚР білім беру мазмұнын жаңарту және дамытудың басым бағыттары, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, көптілді білім беру мәселелері бойынша жарияланымдар маңызды орын алады.

Институттардың қызметі телеарналарда, республикалық және облыстық басылымдарда, әдістемелік журналдарда, ақпараттық бюллетендерде, интернет-порталдарда, «Өрлеу» және филиалдардың сайттарында жарық көрді. Есептік кезеңде филиалдардың қызметкерлері мен оқытушыларының ақпараттық-публицистикалық және әдістемелік сипаттағы барлық 938 мақаласы республикалық, облыстық және халықаралық БАҚ басылымдарында жарияланды. Есептік кезеңде ҚР білім беру мазмұнын жаңарту және дамытудың басым бағыттары, ҚР Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске

асыру, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру, облыстардың білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимылы, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, көптілді білім беру мәселелері бойынша жарияланымдар маңызды орын алады.

Көптеген филиалдарда халықаралық, республикалық басылымдардың редакцияларымен байланыс орнатылған. Ағымдағы тоқсанда «Өрлеу» филиалдары халықаралық басылымдарда барлығы 57 мақала жариялады. Республикалық басылым беттерінде 450 жарияланым орналастырылған. Олардың арасында «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Білімді ел – Образованная страна», «Білім Айнасы», «Білім беру мекемесі басшысының анықтамалығы» республикалық ғылыми-әдістемелік журналына қосымша - «Білім беру ұйымының әдіскері - Методист организации образования», «Trainer – education», «Өзін-өзі тану-Самопознание», «Білім берудегі менеджмент - Менеджмент в образовании» сияқты журналдар мен газеттер бар.

Дәстүр бойынша филиалдардың қызметкерлері өз мақалаларын облыстық, өңірлік БАҚ-та орналастырады. Облыстық, жергілікті басылымдарда институт оқытушылары мен қызметкерлерінің 340 жарияланымдары жарияланды.

Бұдан басқа, филиалдар біліктілікті арттыру курстарының қорытындылары бойынша пікірлерді БАҚ-та және «Өрлеу» сайтында орналастыруға курстардың тыңдаушылары болған педагогтерді белсендірді.

БАҚ-та БАИ өткізетін тақырыптық іс-шаралар (конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар) кеңінен жарияланады. ҚР-да мазмұнды дамыту мен жаңартудың басым бағыттары, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру, инклюзивті білім беру, адамгершілік-рухани білім беру мәселелері бойынша жарияланымдар маңызды орын алады. Көптеген жарияланымдардың тақырыптары педагог кадрлардың біліктілігін арттыру мәселелерін ашуға, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге, «Мәңгілік Ел» – мемлекеттің даму бағдарламасы» идеяларын жүзеге асыруға және т. б. арналды.

### ***Филиалдардың қызметін БАҚ-та жариялау***

Филиалдар электрондық БАҚ мүмкіндіктерін пайдаланады. Филиалдарда 2021 жылдың II тоқсанында республикалық және өңірлік телеарналар бойынша эфирге 108 шығу тіркелді, 7 443 жарияланым интернет-порталдар мен әлеуметтік желілерде, ал «Өрлеу» филиалдарының сайттарында 1 532 мақала орналастырылды.



## Қорытындылар

- 2021 жылы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша мемлекеттік тапсырма толық көлемде орындалды.
- Курстық дайындық оқыту мен тәрбиелеудің интерактивті әдістері мен тәсілдерін, оқу процесінде критериалды бағалауды қолдану арқылы жүргізілді.
- Операциялық жоспарлардың іс-шаралары кестеге сәйкес орындалды.
- Қысқа мерзімді курстар сапасының орташа рейтингі - 9,8 балл, бұл курстарда оқытудың пайдаланылатын әдістерінің, нысандары мен мазмұнының тиімділігін және филиалдардың ПОҚ-ның жоғары кәсіби деңгейін куәландырады. Тыңдаушылардың бағалауы негізінде орта білім беруді жаңарту шеңберінде курстардың рейтингі - 9,86 балл.
- Курс тыңдаушыларының 99,63%-ы курстық дайындықтың сапасына қанағаттанды.
- Курсаралық кезеңде өңірлердің педагогтерімен өзара іс-қимыл нысандары өткізілетін іс-шаралардың тәжірибелік бағыттылығын және мазмұнның білім беру жүйесін дамыту басымдықтарына сәйкестігін көрсетеді. Тыңдаушылардың көпшілігі өзара байланыстың қашықтықтан немесе мобильдік нысандарының көмегімен филиалдармен байланыс орнатып, «Өрлеу» өткізетін курсаралық іс-шараларға қатысқысы келеді.

## БІЗ ӨЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ:



[www.orleu-edu.kz](http://www.orleu-edu.kz)



[orleu.kz](https://www.facebook.com/orleu.kz)



[orleu.edu.kz](https://www.instagram.com/orleu.edu.kz)



[@orleukz](https://www.telegram.com/@orleukz)